

БҰЙРЫҚ №3

«Аманат» жеке балабақша

05 қыркүйек 2025 жыл

«Педагогикалық әдеп кеңесін құру туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығына «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Балабақшада **Педагогикалық әдеп кеңесі** құрылсын.
2. Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамына төмендегі педагогтар енгізілсін:

Кеңес төрайым – А.А.Бергеналиева

Кеңес мүшесі – А.Б.Пазыл

Кеңес мүшесі – А.Б.Габдуалиева

Кеңес мүшесі – Ж.Ж.Суйешова

Кеңес мүшесі – А.А.Абдрешова

3. Педагогикалық әдеп кеңесінің хатшысы болып **А.Қ.Өмірбай** тағайындалсын.
4. Кеңес хатшысы: кеңестің жұмыс жоспарын; кеңес қызметі туралы ережені әзірлеп, бекітуге ұсынсын.
5. Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамы мен қызметі туралы ереже педагогикалық кеңес отырысында бекітілсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылады.

«Аманат» жеке балабақша меңгерушісі



А. Бергеналиева

Бекітемін
«Педагогикалық әдеп қағидалары»
кеңесінің төрағасы: А.А. Иргенгалиева



Келісемін:
«Педагогикалық әдеп қағидалары»
кеңесінің мүшелері:
Суйешова Ж.Ж.
Пазыл А.Б.
Габдуалиева А.Б.
Абдрешова А.А.

№ р/с	Мазмұны	Мерзімі	Аяқталу нысаны	Жауапты
1	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025-2026 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту	Қыркүйек	жоспар	кеңес төрағасы кеңес мүшелері
2	Педагогикалық ұжыммен «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» заңдарды, ҚР БҒМ 11 мамырдағы «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» №190 бұйрығын басшылыққа алу	Жыл бойы	бұйрық	кеңес төрағасы кеңес мүшелері
3	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастыру	тұрақты	ақпарат	кеңес төрағасы кеңес мүшелері
4	«Педагог» кәсіби стандартымен педагогтерді таныстыру	қазан	таныстыру	кеңес төрағасы кеңес мүшелері
5	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы. Күн тәртібінде 1. Педагогикалық этика кеңесінің жылдық жоспарымен таныстыру 2. Педагог және ата-ана арасындағы әдеп 3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті	қараша	хаттама	кеңес төрағасы кеңес мүшелері
6	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы Күн тәртібінде 1. Педагогикалық этикалық нормаларды сақтау. 2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға педагогтерді тарту 3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті	қаңтар	Хаттама кездесу анықтамасы	кеңес төрағасы кеңес мүшелері
7	Кезектен тыс отырыс Педагогикалық әдеп нормаларының бұзылуы жайлы жағдайды қалыптастыру	Орын алған және басқа жағдайда	хаттама	кеңес төрағасы кеңес мүшелері
8	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы. Күн тәртібінде 1 Педагогтардың әдеп-этикалық нормалары 2 Мектепте педагогикалық әдепті бақылау	наурыз	анықтама	кеңес төрағасы кеңес мүшелері
9	Педагогикалық әдеп нормасының сақталуы туралы педагогтер арасында сауалнама	сәуір	сауалнама	кеңес төрағасы кеңес мүшелері
10	Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы. Күн тәртібінде 1 Ішкі тәртіп ережесі арқылы педагогикалық әдеп нормаларын бұзудың алдын алу 3 Педагогтардың әдеп кеңесінің жылдық жоспарына қорытынды	мамыр	хаттама	кеңес төрағасы кеңес мүшелері

ХАТТАМА №1

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы

Өткізілген күні: «10» қараша 2025 ж.

Өткізілген уақыты: 13:00

Өткізілген орны: “Аманат” жеке балабақшасы, әдістемелік кабинет

Төраға: А.А. Бергенғалиева

Хатшы: А.Қ.Өмірбай

Қатысқандар: педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері (тізім бойынша)

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын таныстыру және бекіту
2. Педагог пен ата-ана арасындағы әдеп нормаларын сақтау мәдениетін қалыптастыру
3. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, педагог мәртебесін қорғау және кәсіби жауапкершілік мәселелері

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

“АМАНАТ” жеке балабақшасының педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрайымы А.А. Бергенғалиева 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырды.

Жоспардың негізгі мақсаты – білім беру ұйымында педагогикалық әдеп нормаларын сақтау мәдениетін қалыптастыру, педагог мәртебесін көтеру, ұжым ішінде және ата-аналармен өзара қарым-қатынасты кәсіби деңгейде дамыту болып табылатыны атап өтілді.

Сонымен қатар, жоспар ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығына («Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы») сәйкес әзірленгені, педагогтердің құқықтары мен міндеттерін сақтауға бағытталғаны түсіндірілді.

Кеңес мүшелері жоспар мазмұнымен танысып, оны бірауыздан қолдады.

2-мәселе бойынша:

Педагогикалық ұжымға педагог пен ата-ана арасындағы өзара қарым-қатынас мәдениеті туралы түсіндірме жұмысы жүргізілді.

Төрайым педагогтерге ата-аналармен жұмыс барысында:

- сыпайылық пен сабырлылықты сақтау;
- кәсіби этика нормаларын ұстану;
- конфликттік жағдайларды ушықтырмай шешу;
- әр ата-анамен жеке, мәдени түрде сөйлесу;
- педагог беделіне нұқсан келтірмеу

қажет екенін атап өтті.

Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті баланың тәрбиесіне тікелей әсер ететін маңызды фактор екені айтылды.

3-мәселе бойынша:

Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау – әрбір педагогтің қызметтік міндеті екені нақты айтылды.

Кеңес барысында келесі талаптар ескертілді:

- педагог мәртебесін төмендететін әрекеттерге жол бермеу;
- ішкі еңбек тәртібін қатаң сақтау;
- әлеуметтік желілерде педагогикалық әдепті бұзбау;
- әріптестермен және ата-аналармен сыйластық қарым-қатынас орнату;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларды сақтау.

Сонымен қатар педагогикалық әдеп бұзылған жағдайда кеңес тарапынан қаралатыны және тиісті шешім қабылданатыны ескертілді.

ШЕШІМ:

1. “АМАНАТ” жеке балабақшасының педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Барлық педагогтер ҚР «Білім туралы» заңы, «Педагог мәртебесі туралы» заңы және ҚР Оқу-ағарту министрлігінің №190 бұйрығы талаптарын қатаң басшылыққа алсын.
3. Педагог пен ата-ана арасындағы әдеп нормаларын сақтау тұрақты бақылауға алынсын.
4. Педагогикалық ұжым арасында әдеп, этика және кәсіби мәдениет бойынша түсіндіру жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
5. Қажет болған жағдайда педагогикалық әдеп бұзушылықтары кеңес отырысында қарастырылсын.

Төраға: А.А. Бергенғалиева



Хатшы: А.Қ.Өмірбай



Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы

Өткізілген күні: «13» қаңтар 2026 ж.

Өткізілген уақыты: 13:00

Өткізілген орны: “Аманат” жеке балабақшасының, әдістемелік кабинет

Төраға: А.А. Бергенғалиева

Хатшы: А.Қ.Өмірбай

Қатысқандар: педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері (тізім бойынша)

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау жағдайын талдау
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды ұйымдастыру және педагогтерді тарту
3. Педагогикалық әдеп және педагогтің сөйлеу мәдениетін жетілдіру

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Төрайым А.А. Бергенғалиева педагогикалық ұжымдағы әдеп нормаларын сақтау жағдайына талдау жасады.

Ол педагог пен ата-ана арасындағы қарым-қатынаста, сондай-ақ әріптестер арасындағы өзара әрекеттестікте кәсіби әдепті сақтау – білім беру сапасының маңызды бөлігі екенін атап өтті.

Кеңес барысында келесі мәселелерге назар аударылды:

- педагогтің кәсіби беделін сақтау;
- эмоциялық қысым мен орынсыз пікірлерге жол бермеу;
- баланың мүддесін бірінші орынға қою;
- ішкі еңбек тәртібін қатаң сақтау;
- педагогикалық әдеп нормаларын бұзбау.

2-мәселе бойынша:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және алдын алу шаралары қаралды.

Төрайым педагогтерге білім беру ұйымында:

- ашықтық пен әділдікті сақтау;
- заңсыз қаржылық әрекеттерге жол бермеу;
- ата-аналармен қаржылық қатынастарды заң аясында жүргізу;
- «Адал азамат» қағидаларын ұстану;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу

маңызды екенін түсіндірді.

Кеңес мүшелері бұл бағыттағы жұмысты күшейту қажеттігін қолдады.

3-мәселе бойынша:

Педагогикалық әдептің маңызды бөлігі – сөйлеу мәдениеті екені атап өтілді.

Кеңес барысында педагогтің сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптар нақтыланды:

- сыпайы және мәдениетті тіл қолдану;
- бала психологиясына сай сөйлеу;
- ата-анамен және әріптеспен құрметті қарым-қатынас орнату;
- дөрекі, эмоциялық, орынсыз сөздерге жол бермеу;
- педагог беделін сақтай отырып коммуникация жүргізу.

Сонымен қатар педагогтің сөйлеу мәдениеті баланың мінез-құлқы мен тәрбиесіне тікелей әсер ететіні атап өтілді.

ШЕШІМ:

1. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау “АМАНАТ” жеке балабақшасының тұрақты бақылауға алынсын.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жүйелі түрде жүргізіліп, педагогтер белсенді қатыстырылсын.
3. Педагогтердің сөйлеу мәдениетін арттыру мақсатында түсіндіру және тренингтік жұмыстар ұйымдастырылсын.
4. Барлық педагогтер ҚР нормативтік-құқықтық актілерін және ішкі тәртіп ережелерін қатаң басшылыққа алсын.
5. Педагогикалық әдеп бұзушылықтарының алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыстар күшейтілсін.

Төраға: А.А. Бергенғалиева



Хатшы: А.Қ.Өмірбай



ХАТТАМА №3

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы

Өткізілген күні: «2» сәуір 2026 ж.

Өткізілген уақыты: 13:00

Өткізілген орны: “Аманат” жеке балабақшасының, әдістемелік кабинет

Төраға: А.А. Бергенғалиева

Хатшы: А.Қ.Өмірбай

Қатысқандар: педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері (тізім бойынша)

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогтердің әдеп-этикалық нормаларын сақтау деңгейін талдау
2. Білім беру ұйымында педагогикалық әдептің орындалуын бақылау нәтижелері
3. Педагогикалық әдеп нормаларын бұзудың алдын алу және профилактикалық шаралар

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Төрайым А.А. Бергенғалиева педагогикалық ұжымдағы әдеп-этикалық нормалардың сақталу деңгейіне талдау жасады.

Ол педагогтің кәсіби әдебі – оның беделін қалыптастыратын негізгі фактор екенін атап өтті.

Жиналыста педагогтерге төмендегі талаптар ерекше ескертілді:

- қызметтік міндеттерді адал және жауапкершілікпен орындау;
- балаға үлгі болатындай мінез-құлық көрсету;
- ата-аналармен және әріптестермен сыпайы, мәдени қарым-қатынас сақтау;
- педагог мәртебесін төмендететін әрекеттерге жол бермеу;
- ішкі еңбек тәртібі мен мекеме ережелерін қатаң сақтау.

2-мәселе бойынша:

Білім беру ұйымында педагогикалық әдептің орындалуына жүргізілген бақылау нәтижелері қаралды.

Бақылау барысында келесі бағыттар бағаланды:

- педагогтердің жұмыс барысындағы кәсіби мінез-құлқы;
- ата-аналармен коммуникация мәдениеті;
- ұжым ішіндегі қарым-қатынас этикасы;
- құжат жүргізу және жұмыс тәртібінің сақталуы.

Жалпы алғанда, педагогтердің әдеп нормаларын сақтау деңгейі қанағаттанарлық деп бағаланды. Дегенмен, кейбір педагогтерге сөйлеу мәдениеті мен эмоционалдық тұрақтылықты жетілдіру бойынша қосымша түсіндіру жұмыстары қажет екені айтылды.

3-мәселе бойынша: Педагогикалық әдеп бұзушылықтарының алдын алу және профилактикалық шаралар қарастырылды.

Төрайым педагогикалық ұжымда келесі жұмыстарды күшейтуді ұсынды:

- педагогтерге арналған тұрақты түсіндіру және семинар жұмыстарын өткізу;

- конфликттік жағдайларды алдын ала анықтап, дер кезінде шешу;
- педагогикалық әдеп нормаларын жүйелі түрде еске салу;
- ата-аналармен өзара түсіністік пен ашық диалогты дамыту;
- педагогтің кәсіби беделін қорғауға бағытталған ішкі бақылауды күшейту.

Сонымен қатар педагогикалық әдеп бұзылған жағдайда мәселе кеңес отырысында қаралатыны және тиісті шешім қабылданатыны ескерілді.


ШЕШІМ:

1. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау тұрақты бақылауға алынсын.
2. Педагогтерге арналған түсіндіру және профилактикалық жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.
3. Педагогтердің сөйлеу мәдениетін және кәсіби этикасын арттыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылсын.
4. Әр педагог ішкі еңбек тәртібі мен педагогикалық әдеп қағидаларын қатаң сақтасын.
5. Білім беру сапасын арттыру мақсатында педагогикалық мәдениетке ерекше назар аударылсын.

Төрайым: А.А. Бергенғалиева



Хатшы: А.Қ.Өмірбай



ХАТТАМА №4

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы

Өткізілген күні: «13» мамыр 2026 ж.

Өткізілген уақыты: 13:00

Өткізілген орны: “Аманат” жеке балабақшасы, әдістемелік кабинет

Төрайым: А.А. Бергенғалиева

Хатшы: А.Қ.Өмірбай

Қатысқандар: педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері (тізім бойынша)

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ішкі тәртіп ережелері арқылы педагогикалық әдеп нормаларын бұзудың алдын алу
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025–2026 оқу жылы бойынша жұмысына қорытынды жасау
3. Педагогтердің кәсіби этикасын жетілдіру және алдағы оқу жылына ұсыныстар әзірлеу

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Төрайым А.А. Бергенғалиева ішкі тәртіп ережелері мен педагогикалық әдеп талаптарының өзара байланысын түсіндірді.

Ол педагогтің қызметтік тәртібі мен әдеп нормаларын сақтау – ұжымдағы тұрақтылық пен сапалы білім беру үдерісінің негізгі шарты екенін атап өтті.

Кеңес барысында педагогтерге төмендегі талаптар кеңінен түсіндірілді:

- жұмыс уақыты мен еңбек тәртібін қатаң сақтау;
- педагогикалық қызметті адал және жауапкершілікпен орындау;
- ата-аналармен және әріптестермен сыпайы, мәдени қарым-қатынас орнату;
- балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- педагог мәртебесін түсіретін әрекеттерге жол бермеу;
- әлеуметтік желілерде педагогикалық әдеп нормаларын сақтау.

2-мәселе бойынша:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025–2026 оқу жылында атқарған жұмысына жан-жақты қорытынды жасалды.

Төрайым жыл бойғы жұмысты талдай отырып, келесі нәтижелерді атап өтті:

- педагогикалық әдеп нормаларын түсіндіру жұмыстары жүйелі жүргізілген;
- педагогтер арасында кәсіби мәдениет деңгейі артқан;
- ата-аналармен қарым-қатынас мәдениеті жақсарған;
- конфликттік жағдайлардың алдын алу шаралары іске асырылған;
- ұжымда өзара сыйластық пен жауапкершілік қалыптасқан.

Жалпы жұмыс қанағаттанарлық деңгейде орындалды деп бағаланды.

3-мәселе бойынша:

Алдағы оқу жылына педагогтердің кәсіби этикасын жетілдіру және педагогикалық мәдениетті дамыту бойынша ұсыныстар қаралды.

Кеңес мүшелері келесі бағыттарды ұсынды:

- педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру курстарына қатысуын қамтамасыз ету;
- педагогикалық әдеп және коммуникация бойынша тренингтер өткізу;
- ата-аналармен ашық диалог және кері байланыс жүйесін дамыту;
- ұжым ішінде этикалық мәдениетті нығайту;
- жас педагогтерге әдістемелік және тәлімгерлік қолдау көрсету;
- педагог беделін арттыруға бағытталған профилактикалық жұмыстарды жалғастыру.

ШЕШІМ:

1. Ішкі тәртіп ережелері педагогикалық әдеп нормаларымен бірге қатаң сақталсын.
2. Педагогикалық әдеп бұзушылықтарының алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар жалғастырылсын.
3. Педагогтердің кәсіби этикасын жетілдіруге бағытталған іс-шаралар (семинар, тренинг) тұрақты түрде ұйымдастырылсын.
4. Ата-аналармен өзара қарым-қатынас мәдениетін дамыту жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
5. Педагогикалық ұжымда кәсіби мәдениет пен жауапкершілік деңгейін арттыру тұрақты бақылауға алынсын.

Төрайым: А.А. Бергенғалиева 

Хатшы: А.Қ.Өмірбай 